

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____
Топ: кіші жас топ
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03 - 22.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі		Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерін есте сақтаудың маңызы".					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің топырағы құрғақ екендігін іс-тәжірибеде, қопсытқышпен соққылау арқылы көрсету; топырақты қопсытқаннан кейін, тамырларға судың тез жететіні туралы түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету.			

	Дидактикалық ойын «Тостағанға тостак таңдап ал» Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табақша мен сары кесе және т.б. Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстер мен кеселер. Педагог балаларға бүгін қуыршақтар қонаққа келетіндігін айтады. Біз оларды күтуіміз керек және бұл үстелде тек табақшалар бар екенін көрсетеді. - Балалар, біздің қуыршақтарымыз шайды немен ішеді? Педагог табақшаны көрсетіп, оның түсін атайды, ал сөреден балалардан бірдей түсті кесе алуды сұрайды. (сенсорика)	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын". Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құстарды шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарларының адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым! Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын. "Кіс-кіс" мысық, "Кә-кә" күшік, "Шиип-шиип", тауық. Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай.	"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау". Мақсат-міндеттер: балаларда жағымды көңіл-күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін.		
--	--	---	--	--	--

		Ал кім ішеді шай? Д. Ахметова			
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау; 1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру; 1–2 иыққа салып, басқа кию; 1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау; 2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою; 3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–2 тіктелу; 3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау; 4.–1 бір бағытта жеңіл секіру; 4–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Құтты болсын Наурыз! Қуанамыз бәріміз! Наурыз көктеммен келді, Бәрекелді! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Көктемгі демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Көктемгі демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Көктемгі демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды,	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-	Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аулаға ұшып келген құстарды бақылауға, қимылдарын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру. - Балалар-ау, балалар!		

	Жапырақтармен ойнайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. Педагог қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді. - Қанекей, қайталайықшы. Жарайсындар. - Ал күшік қалай	қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда.	Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө. Тұрманжанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Балапандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру. – Балалар, сендер "балапан" боласындар. Балапандар тауық қорада отырады. – Балапандарым, шығындар аулаға!		
--	---	--	---	--	--

	қимылдайды? Көрсетіндерші? - Жарайсыңдар! - Балапандар, балпандандар! Басқа балапандардан қалмаңдар! Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз: Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Қаңқ-қаңқ-қаңқ! Ал күшігім жүгіреді, - Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді. - Сен, күшігім, соқтықпа! Үйректерді қорқытпа! Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі ойнайды. Балалар жан-жаққа қашады. Ең соңындағы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	Кім адапсай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Өзіне қарай ойын алаңына шақыру. – Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіндерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қанаттарын қалай қағады? Көрсетіндерші? Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, алдыға жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. – Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға! Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отырады. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға,		
--	--	---	---	--	--

			мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.		
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Керуегтегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап-қунап алайық. Ұйқымызды ашайық "Самал жел" (ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел соққанын көрсету) "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі". Ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу) (дене шынықтыру, дербес әрекет, көркем сөз)				

Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау. - Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша. Сандықшалар бірдей емес, Кішкентай, орташа, үлкен. Кішкентайды үлкенірекке салайық, Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Дастарқанды жаю ойын-имитациясы. Мақсат-міндеттер. Балаларды дастарқан басындағы әдептілік ережелерімен таныстыру; сәлем беру (амандасу, тағзым ету) қимылдарын жасауға ынталандыру; ойыншықтарды қатыстырып, жасалған жаттығулардан жағымды әсер алуға баулу. Құралдар: ойыншық үстел, орындықтар, ойыншықтар (куыршақтар мен кейіпкерлер), ыдыс ойыншықтар. Шарты: қонаққа, дастархан алдында белгілі қимылдарды жасап, ойыншықтарды орындықтарға отырғызып, "тамақтандыру", "рақмет айту" әдептілік ережелерін	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі". Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру.		

		орындау. - Балалар, қонақтарды шақырайық. - Қонақтарым, келіңдер, Бізге сәлем беріңдер. Сәлем беріп, жоғары Дастарқанға өтіңдер. Балалар шеңбер құрып, ырғақты әуенге сай билейді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)			
Балалармен жеке жұмыс	Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді). Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан тапқалты мәнерлеп оқуға ынталандыру. - Күнім, айым, Еркетайым, Жата ғой, қозым. Әлди, бөпем, Әлди, бөпем, Ұйықта, жұм көзінді. Бәу-бәу, бөпем, Бәу-бәу, бөпем, Әлди, әлди-ай! (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)	Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. - Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау) Қонақтарға жайылса. (шапалақтау) Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру) Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу)	"Бір" және "көп" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту. Мұғалім ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу,		

		(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)		
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын				

және тағы басқа әрекеттер)	ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика) Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу) Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы".